

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 13 мамырдағы № 392 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ермек Беделбайұлы Көшербаев Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 13 мамырдағы
№ 392 қаулысымен
мақұлдаған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісім

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің арасындағы экономикалық ынтымақтастыққа, атап айтқанда, бір Уағдаласушы Тарап инвесторларының екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында салған инвестицияларына қолайлы жағдай жасауға ниет білдіре отырып;

Осындай инвестицияларға берілетін режим туралы келісім Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің капитал ағынын арттырып, технологияларын және экономикасын дамытуға ықпал ететінін мойындай отырып;

Инвестициялардың әділ және тең құқылы режимі экономикалық ресурстарды барынша тиімді пайдалануға және өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін инвестициялардың тұрақты негізін сақтау үшін қажет екенін растай отырып;

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес, сондай-ақ халықаралық төрелік арқылы инвестицияларға қатысты кінәрат-талаптарды қою және құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету үшін тиімді құралдарды ұсынудың маңыздылығын мойындай отырып;

Осы мақсаттарға денсаулық сақтау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау қағидаттарына, сондай-ақ халықаралық деңгейде танылған еңбек құқықтары мен бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын қамтамасыз етуге сай келетін жолмен қол жеткізуге ұмтыла отырып;

Осы Келісімді жасасуға шешім қабылдап, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Инвестициялар" термині бір Уағдаласушы Тарап инвесторының екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында оның заңнамасына сәйкес иелік ететін немесе тікелей не жанама түрде бақылайтын тұрақты экономикалық қарым-қатынастар орнату мақсатында сатып алған, кәсіпкерлік қызметке байланысты және капиталды немесе басқа ресурстарды салу, кіріс немесе пайда күту, тәуекелді қабылдау, экономиканы дамытуға үлес қосу және белгілі бір мерзімділік сияқты инвестиция сипаттамаларына ие болуға тиіс активтердің кез келген түрін білдіреді.

2. Инвестициялар нысандары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

а) меншік орналасқан аумақтағы Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалғандай жылжымалы және жылжымайтын мүлік, сондай-ақ ипотека, мүлікке тыйым салу құқығы, кепілдер және кез келген басқа да ұқсас мүліктік құқықтар сияқты мүліктік құқықтар;

б) акциялар, үлестер және заңды тұлғаларға үлестік қатысудың басқа да нысандары, соның ішінде осыдан туындайтын құқықтар;

с) ақшалай сомаға қойылатын кінәрат-талаптар, гудвил, басқа да активтер және экономикалық құндылығы бар, орындауға қойылатын кез келген басқа да кінәрат-талаптар;

д) зияткерлік меншік құқықтары, атап айтқанда патенттер, өнеркәсіптік үлгілер, техникалық процестер, сондай-ақ тауар белгілері, гудвил және "ноу-хау";

е) Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамасында немесе келісімшартта көзделген коммерциялық концессиялар, соның ішінде табиғи ресурстарды барлауға, өндіруге немесе пайдалануға арналған концессиялар.

3. "Инвестициялар" термині:

а) бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның басқа Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға тауарлар немесе қызметтер сату жөніндегі коммерциялық мәмілелері нәтижесінде ғана туындайтын ақшалай талаптарға;

b) сауданы қаржыландыру сияқты коммерциялық мәмілеге байланысты кредит беруге, соның ішінде банк қарыздарына;

c) сот немесе әкімшілік тәртіппен шығарылған кез келген бұйрыққа немесе қаулыға немесе төрелік шешімге;

d) қысқа мерзімді қарызға немесе қысқа мерзімді қаржылық салымға;

e) Уағдаласушы Тарап берген борыштық міндеттемелерге немесе Уағдаласушы Тарапқа берілген қарыздарға;

f) меншіктегі немесе коммерциялық емес мақсаттарда пайдаланылатын активтерге қолданылмайды.

Активтердің инвестициялау нысанына енгізілген кез келген өзгеріс мұндай өзгеріс қабылдаушы Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізілген жағдайда ғана олардың инвестициялық сипатына әсер етпейді. Егер активте инвестиция сипаттамасы болмаса, мұндай актив оның қандай нысанда болғанына қарамастан, инвестиция болып саналмайды.

4. "Инвестор" термині:

a) Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің ұлттық заңнамасына сәйкес мемлекеттің азаматтығы бар жеке тұлғаны;

b) Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің ұлттық заңнамасына сәйкес негізі қаланған немесе құрылған және тіркелген кеңселері бар, сондай-ақ олардың аумақтарында елеулі коммерциялық қызметті жүзеге асыратын;

екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестицияны жүзеге асырған заңды тұлғаны білдіреді.

5. Тарап мемлекетінің заңды тұлғасы пайда алу мақсатында немесе пайда алуды көздемей, осы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес құрылған және ұйымдастырылған, бақылаудағы не жеке немесе мемлекеттік меншіктегі, сондай-ақ кез келген заңды тұлғаны, соның ішінде жеке кәсіпкерлікті, коммерциялық ұйымдарды, серіктестікті, бірлескен кәсіпорынды, қауымдастықты немесе соған ұқсас ұйымды білдіреді.

6. "Кіріс" термині "инвестициялар" нәтижесінде алынған қаражатты білдіреді және ол, атап айтқанда, пайданы, пайыздарды, капитал өсімін, роялтиді, төлемдер мен дивидендтерді қамтиды, бірақ мұнымен шектелмейді.

7. "Аумақ" термині:

Қазақстан Республикасына қатысты Қазақстан Республикасының аумағын;

Түрік Республикасына қатысты Түрік Республикасының аумағын білдіреді.

8. "Ұлттық заңнама" термині Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңдарын, жарлықтарын, қаулыларын, қағидаларын және басқа да құқықтық актілерін білдіреді.

2-бап

Қолданылу аясы

1. Осы Келісім бір Уағдаласушы Тараптың инвесторлары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында оның заңнамасына сәйкес, осы Келісім күшіне енгенге дейін немесе кейіннен салған инвестицияларға қатысты қолданылады. Осы Келісім осы Келісім күшіне енгенге дейін орын алған кез келген дауларға немесе туындаған не шешілген талаптарға қатысты қолданылмайды.

2. Осы баптың ережелері Уағдаласушы Тараптардың бірін екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторларына:

а) осы Келісімнен және Уағдаласушы Тараптардың бірі тарапы болып табылатын басқа да ұқсас халықаралық шарттан туындайтын, инвестор мен қабылдаушы Уағдаласушы Тарап арасындағы даулар бойынша сот шешімінің ережесі негізінде;

б) қабылдаушы Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу, субсидиялар, жерді сатып алу және жерді пайдалану, жылжымайтын мүлік және оларға қатысты мүліктік құқықтар саласында;

с) осы Келісімнің "Экспроприация және өтемақы" деген 6-бабын және "Төлемдер мен аударымдар" деген 9-бабын қоспағанда, кез келген салықтарға және салық салу режиміне қатысты қандай да бір режимнің артықшылықтарын преференциялар немесе басымдықтар ретінде қолдануға міндеттейтін деп түсіндірілмеуге тиіс.

3-бап

Инвестицияларды көтермелеу және қолдау

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес өз мемлекетінің аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторлары салатын инвестицияларды мүмкіндігінше көтермелейді.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзінің заңнамасына сәйкес екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларын өз аумағына кіргізеді.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторларына халықаралық құқықтың ең төменгі стандартына сәйкес әділ және тең құқылы режимі, сондай-ақ толық қорғау мен қауіпсіздікті ұсынады.

4. Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы негізсіз немесе кемсітушілік шаралар арқылы мұндай инвестицияларды басқаруға, күтіп ұстауға, пайдалануға, эксплуатациялауға, қолдануға, кеңейтуге, сатуға, жоюға немесе билік етуге қандай да бір жолмен зиян келтірмеуге тиіс.

5. Осы баптың 3-тармағында аталған әділ және тең құқылы режим туралы міндеттемені бұзу, егер шара не бірқатар шаралар:

а) қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік іс жүргізуде сот төрелігінен бас тартуды ;

б) сот және әкімшілік талқылауларында тиісті құқықтық рәсімді өрескел түрде бұзуды, оның ішінде ашықтықты өрескел түрде бұзуды;

с) айқын озбырлықты;

d) инвесторларға қатысты мәжбүрлеу, қысым көрсету және қудалау сияқты заңсыз әрекеттер жасауды; немесе

e) ұлттық тиістілік белгісі бойынша мақсатты түрде кемсітушілікті білдіретін болса ғана белгіленуі мүмкін.

6. "Толық қорғау мен қауіпсіздікті" қамтамасыз ету міндеттемесі әрбір Уағдаласушы Тараптан екінші Уағдаласушы Тарап инвесторы инвестицияларының физикалық тұрғыда қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды түрде қажет болуы мүмкін шараларды қабылдауын талап етеді. "Әділ және тең құқылы қарым-қатынас" және "толық қорғау мен қауіпсіздік" ұғымдары қосымша режимді немесе халықаралық құқық аясынан тыс режимді және қосымша материалдық құқықтар құруды талап етпейді.

7. Осы Келісімнің кез келген ережесінің немесе Уағдаласушы Тараптар мен олардың мемлекеттері арасындағы жеке халықаралық шарттың бұзылуы орын алды деп айқындау, тіпті соның салдарынан инвестицияларға шығындар немесе залал келтірілсе де, осы баптың бұзылғанын білдірмейді.

8. Неғұрлым айқын болуы үшін, инвестордың заңды тұрғыда не күтетініне сәйкес келмеуі мүмкін іс-қимылдарды Уағдаласушы Тараптың жасауы немесе жасамауы фактісінің өзі осы Келісімді бұзу болып есептелмейді.

4-бап

Ұлттық режим және барынша қолайлы жағдай жасау режимі

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторлары мен инвестицияларына өз мемлекетінің аумағында ұқсас мән-жайларда өзінің инвесторлары мен инвестицияларына беретін режимнен кем емес инвестицияларды басқаруға, жүргізуге, ұстауға, пайдалануға, эксплуатациялауға, қолдануға сатуға, жоюға және оларға өзге де жолмен билік етуге қатысты қолайлы режимді ұсынады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің аумағында ұқсас мән-жайларда екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторларына және олардың инвестицияларына инвестицияларды басқаруға, жүргізуге, ұстауға, пайдалануға, эксплуатациялауға, қолдануға, сатуға, жоюға және оларға өзге де жолмен билік етуге қатысты кез келген үшінші мемлекеттің инвесторлары мен олардың инвестицияларына беретін режимнен кем емес қолайлы режимді ұсынады.

3. Неғұрлым айқын болуы үшін, осы баптағы "ұқсас мән-жайлар" ұғымына сілтеме әрбір нақты жағдайда инвестицияға қатысты барлық мән-жайларды, оның ішінде:

- a) үшінші тұлғаларға және жергілікті қоғамдастыққа әсерін;
- b) юрисдикция шеңберіндегі барлық инвестициялардың қоршаған ортаға жиынтық әсерін қоса алғанда, жергілікті, өңірлік не ұлттық деңгейдегі қоршаған ортаға әсерін;
- c) инвестор қызметін жүзеге асыратын секторды;
- d) тиісті шараның мақсатын;

- е) тиісті режимде инвесторлар немесе инвестициялар арасында заңды қоғамдық әл-ауқат немесе жария тәртіп мақсаттарына негізделген айырмашылықтың бар-жоғын;
- ф) тиісті шараға қатысты әдетте қолданылатын реттеу процесін; және
- г) қарастырылып отырған шараға қатысты инвестицияға немесе инвесторға тікелей қатысты өзге де факторларды жан-жақты қарауды талап етеді.

4. Әрбір Уағдаласушы Тараптың өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес экономиканың сезімтал секторларын және (немесе) осыған байланысты өзге де қызмет түрлерін айқындау құқығы өзінде қалады, олар осы бапқа сәйкес ұлттық режимнің қолданылу аясынан шектелуі немесе алынып тасталуы мүмкін.

5. Уағдаласушы Тараптар өз мемлекетінің заңнамасы шеңберінде инвестициялар салуға байланысты екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына кіруге ниет білдірген Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің кез келгенінің азаматтарының кіруіне және елде болуына қатысты өтініштерге оң қарайды.

6. Осы баптың ең қолайлы жағдай жасау жөніндегі режимге қатысты ережелері, Уағдаласушы Тарапты екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторларына және Уағдаласушы Тараптың инвесторларының инвестицияларына мына жағдайлардан:

а) Уағдаласушы Тараптардың кез келгені қатысатын немесе қатысуы мүмкін кез келген қолданыстағы немесе болашақтағы кеден одағы, еркін сауда аймағы, еркін сауда туралы келісім, ортақ нарық, валюта одағы немесе соған ұқсас халықаралық шарт, не өңірлік ынтымақтастықтың өзге нысаны немесе өңірлік экономикалық бірлестіктен, оған; немесе осындай одақты, аумақты немесе келісімді құруға немесе кеңейтуге бағытталған келісімді қабылдаудан;

б) қосарланған салық салуды болдырмау туралы қолданыстағы немесе болашақтағы келісімдерден немесе кез келген өзге де салықтық конвенциялардан туындайтын кез келген режимнің артықшылықтарын, жеңілдіктерін немесе басымдықтарын беруге міндеттейді деп түсіндірілмеуі тиіс;

с) неғұрлым айқын болуы үшін, осы баптың 2-тармағында көзделген ең қолайлы жағдай жасау жөніндегі режим басқа халықаралық шарттарда көзделген, "Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тарап инвесторы арасындағы дауларды реттеу" деген 13-бабына енгізілген инвестор мен мемлекет арасындағы ұқсас дауларды реттеу рәсімдері мен тетіктерін қамтымайды.

д) осы баптың ережелері Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысын екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына жерді, жылжымайтын мүлікті және оларға деген заттық құқықтарды сатып алуға қатысты өзінің инвесторларының инвестицияларына берілетін режиммен бірдей режимді ұсынуға міндеттемейді.

7. Осы бап осы Келісім күшіне енген күнге дейін қолданылып жүрген немесе қол қойылған екіжақты немесе көпжақты халықаралық шартқа сәйкес Уағдаласушы Тарап беретін режимге қатысты қолданылмайды.

5-бап

Жалпы ерекшеліктер

1. Осы Келісімнің ешбір ережесі Уағдаласушы Тарапқа өзі:

- a) адамдардың, жануарлардың немесе өсімдіктердің өмірін не денсаулығын, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға;
- b) қоғамдық моральді қорғау немесе қоғамдық тәртіпті сақтауға;
- c) ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғауға;
- d) көркемдік, тарихи немесе археологиялық құндылығы бар ұлттық мүлікті қорғауға ;

e) тірі не жансыз жаңартылмайтын табиғи ресурстарды сақтауға қажетті деп санайтын кез келген кемсітпейтін құқықтық шараларды қабылдауға, қолдауға немесе олардың сақталуын қамтамасыз етуге кедергі келтіреді деп түсіндірілмеуі тиіс.

2. Осы Келісімдегі ешбір ереже:

a) Уағдаласушы Тараптардың бірінен егер ақпаратты жария ету тиісті Уағдаласушы Тараптың анықтамасы бойынша оның елеулі ұлттық мүдделеріне және ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келген жағдайда, қандай да бір ақпаратты ұсынуды немесе оған қол жеткізуді рұқсат етуді талап ету ретінде;

b) кез келген Уағдаласушы Тараптың өз ұлттық мүдделерін және ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғау үшін қажет деп санайтын қандай да бір іс-қимылдарды қабылдауына жол бермеу ретінде;

i) қару-жаракты, қару ретінде пайдаланылатын заттарды, оқ-дәрілерді және жабдықты тасымалдауға, сондай-ақ қарулы күштерді немесе өзге де қауіпсіздік күштерін тікелей немесе жанама қолдау мақсатында пайдаланылатын басқа да тауарлармен, материалдармен, қызметтермен және технологиялармен байланысты операцияларға қатысты;

ii) соғыс кезінде немесе халықаралық қатынастардағы басқа да төтенше жағдайлар кезінде қабылданатын шараларға қатысты; немесе

iii) ядролық қаруды немесе өзге де ядролық жарылғыш құрылғыларды таратпауға қатысты ұлттық саясатты немесе халықаралық шарттарды қолдануға қатысты;

c) кез келген Уағдаласушы Тараптың 1945 жылғы 26 маусымда Сан-Францискода қол қойылған БҰҰ Жарғысына сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі өз міндеттемелеріне сәйкес қандай да бір әрекеттерді қабылдауына кедергі ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

3. Осы Келісімнің ешбір ережесі Уағдаласушы Тарапқа пруденциялық себептер бойынша шараларды, оның ішінде қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ақша-кредит саясаты шеңберінде іске асырылатын шараларды қабылдауға немесе қолдауға кедергі келтірмейді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей:

а) инвесторларды, салымшыларды, сақтанушыларды, сақтандыру бойынша талап қоюшыларды, сондай-ақ қаржы нарығына қатысушыларды немесе алдында қаржы мекемесінің фидуциарлық міндеттемелері бар тұлғаларды қорғауға;

б) қаржы мекемелерінің қауіпсіздігін, сенімділігін, адалдығын немесе қаржылық жауапкершілігін қамтамасыз етуге;

с) Уағдаласушы Тараптардың қаржы жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге; және

д) монетарлық және оған байланысты кредиттік саясатты немесе айырбас бағамы саясатын жүргізу мақсатында кез келген мемлекеттік орган қабылдайтын жалпы қолданылатын кемсітпеуге негізделген шараларға кедергі келтірмейді.

4. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері қабылдаған салықтық және валюталық бақылау шараларына, осы баптың 3-тармағында көзделген шараларға, сондай-ақ осындай шараларға байланысты талаптар мен дауларға қолданылмайды.

5. Мұндай шараларды қабылдау, қолдау немесе күшейту олар ерікті немесе негізсіз түрде қолданылмайды және басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларын жасырын түрде шектеуді білдірмейді деген шартқа сәйкес қана жүзеге асырылады.

6-бап

Экспроприация және өтемақы

1. Тек қоғамдық мақсаттарда, кемсітушілік емес тәртіпте, жедел, барабар және тиімді өтемақы төленетін жағдайда ғана, сондай-ақ осы Келісімнің "Инвестицияларды көтермелеу және қолдау" атты 3-бабы және "Ұлттық режим және барынша қолайлы жағдай жасау режим" атты 4-бабында көзделген тиісті құқықтық рәсімге және жалпы қатынас қағидаттарына сәйкес жағдайларды қоспағанда, инвестицияларды экспроприациялауға, мемлекет меншігіне айналдыруға немесе тікелей не жанама түрде ұқсас әсері бар шараларды қолдануға (бұдан әрі – экспроприация) жол берілмейді.

2. Тікелей экспроприация инвестициялар мемлекет меншігіне айналдыру немесе меншік құқығын ресми түрде беру не тікелей алып қою арқылы өзге де тәсілмен тікелей экспроприацияланған кезде орын алады.

3. Жанама экспроприация Уағдаласушы Тараптың шарасы немесе шаралар сериясы тікелей экспроприацияға тең әсерге ие болғанда орын алады, яғни ол меншік құқығын ресми түрде бермей немесе тікелей алып қоймай, инвесторды өзінің инвестицияларына қатысты меншік құқығының негізгі нышандарынан, ондағы иелену, пайдалану және билік ету құқықтарынан елеулі деңгейде айырады.

4. Нақты бір жағдайда Уағдаласушы Тараптың шарасы немесе шаралар сериясы жанама экспроприация болып саналатын-саналмайтынын айқындау әрбір нақты жағдайда фактілерге негізделген талдау жүргізуді талап етеді, оның ішінде, басқалармен қатар, мынадай факторлар:

а) шараның немесе шаралар сериясының экономикалық әсері, алайда Уағдаласушы Тараптың шарасы немесе шаралар сериясы инвестициялардың экономикалық құнына теріс әсер етеді деген фактінің өзі жанама экспроприацияның орын алғанын білдірмейді;

б) Уағдаласушы Тарап мемлекетінің әрекеттері инвестицияларға сүйенген, анық әрі қисынды күтулерге қаншалықты кедергі келтіретіндігі; және

с) шараның немесе шаралар сериясының сипаты, оның ішінде олардың табиғаты, мақсаты, ұзақтығы және негіздемесі ескерілуі керек.

5. Неғұрлым айқын болуы үшін, инвестицияларға сүйенген инвестордың күтулерінің негізді болып табылатыны не табылмайтыны, бұл қаншалықты орынды екеніне қарай, Уағдаласушы Тараптың инвесторға міндетті жазбаша кепілдіктер ұсынғаны не ұсынбағаны, сондай-ақ тиісті сектордағы мемлекеттік реттеудің сипаты мен ауқымы сияқты факторларға байланысты болады.

6. Неғұрлым айқын болуы үшін, сирек жағдайларды қоспағанда, қоғамдық әл-ауқаттың заңды мақсаттарын, мысалы, денсаулық сақтауды, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін әзірленген және қолданылатын Уағдаласушы Тараптың кемсітпеуге негізделген шаралары жанама экспроприация болып есептелмейді.

7. Өтемақы экспроприацияланған инвестицияның дәл экспроприация жүзеге асырылғанға дейін немесе ол көпшілікке жария болғанға дейінгі әділ нарықтық құнына тең болуы тиіс. Өтемақы осы Келісімнің "Төлемдер және аударымдар" деген 9-бабына сәйкес, кідіріссіз төленуі және еркін аударылуы тиіс.

8. Өтемақы еркін айырбасталатын валютада төленуі керек, ал төлеу кешіктірілген жағдайда, өтемақы сомасына экспроприация күнінен бастап төлем жасалған күнге дейін тиісті пайыздық мөлшерлеме есептелуі тиіс.

7-бап

Залалдарды өтеу

1. Бір Уағдаласушы Тараптың соғыс, көтеріліс, азаматтық тәртіпсіздіктер немесе соған ұқсас басқа да оқиғалар салдарынан екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында салған капиталы шығынға ұшыраған инвесторларына осындай шығындарға байланысты қабылданатын кез келген шараларға қатысты екінші Уағдаласушы Тарап өз инвесторларына немесе кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына ұсынатын тәртіптемелердің қайсысы анағұрлым тиімді екеніне қарай, олардан кем түспейтін қолайлы режим ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағына нұқсан келтірмей, осы тармақта аталған жағдайлардың кез келгенінде бір Уағдаласушы Тараптың инвесторлары екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында:

а) Уағдаласушы Тараптардың күштері немесе билік органдары олардың меншігін тәркілегенінің, немесе

б) Уағдаласушы Тараптардың күштері немесе билік органдары олардың мүлкін ұрыс қимылдарынан туындамаған немесе жағдайдың қажеттілігінен болмаған жағдайда жойып жібергенінің нәтижесінде шығынға ұшырайды.

Барлық жағдайларда реституция немесе өтемақы уақтылы, тиісінше және тиімді түрде берілуге тиіс. Тиісті төлемдер еркін айырбасталуға тиіс.

8-бап

Төлем теңгерімін қорғауға арналған шектеулер

1. Төлем теңгеріміне байланысты елеулі қиындықтар туындаған, сыртқы қаржылық қиындықтар болған немесе олардың туындау қаупі болған жағдайда, осы Келісімнің ешбір ережесі Уағдаласушы Тарапқа капитал қозғалысына байланысты төлемдерге немесе аударымдарға қатысты шектеу шараларын қабылдауға немесе оларды қолдауға кедергі келтіреді деп түсіндірілмейді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған немесе қолдау көрсетілетін кез келген шаралар:

а) Халықаралық валюта қоры келісімінің баптарына сәйкес келуге тиіс;

б) екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының коммерциялық, экономикалық және қаржылық мүдделеріне артық зиян келтіруден аулақ болуға тиіс;

с) осы баптың 1-тармағында көрсетілген мән-жайларда қажеттілік шегінен шықпауға тиіс;

д) уақытша сипатта болуы және осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдай жақсаруына қарай біртіндеп алып тасталуға тиіс;

е) кемсітпеушілік негізде қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленген немесе сақталған кез келген шектеулер немесе олардағы кез келген өзгерістер туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа хабарланады.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес кез келген шектеулерді белгілеген Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың сұрау салуы бойынша өзі белгілеген шектеулерді түсіндіру үшін консультациялар өткізуі керек.

5. Мұндай шектеулердің қолданылу аясын айқындау кезінде Уағдаласушы Тараптар өздерінің экономикалық бағдарламалары немесе даму бағдарламалары үшін неғұрлым маңызды болып табылатын экономика секторларына басымдық бере алады. Алайда мұндай шектеулерге төлем теңгеріміне қауіп төнген жағдайларда ғана жол беріледі және басқа уақытта экономиканың белгілі бір секторларын қорғау үшін пайдаланылмауға тиіс.

9-бап

Төлемдер мен аударымдар

1. Осы Келісімнің "Төлем теңгерімін қорғауға арналған шектеулер" атты 8-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, аумағында басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестициялары жүзеге асырылған мемлекеттің Уағдаласушы

Тарапы өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес барлық салықтық және қазыналық/қаржылық міндеттемелер орындалғаннан кейін басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларына инвестицияларға байланысты кез келген аударымдар мен төлемдерді өз мемлекетінің аумағына және/немесе оның шегінен тыс жүзеге асыруға рұқсат береді. Мұндай төлемдер мен аударымдар:

а) бастапқы капиталды және инвестицияларды қолдау немесе ұлғайту үшін қосымша сомаларды;

б) кірістерді;

инвестицияларды ішінара немесе толық сатудан түскен кірістерді, инвестицияларды ішінара немесе толық таратудан түскен кірістерді;

с) инвестицияларға байланысты алынған кредиттер бойынша өтемдер мен пайыздық төлемдерді;

д) инвестицияларға байланысты екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында жұмыс істеуге арналған тиісті рұқсаттар алған бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары алатын қызметақы, жалақы және басқа да сыйақыларды;

е) осы Келісімнің "Экспроприация және өтемақы" атты 6-бабына және " Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу" атты 13-бабына сәйкес төлемдерді қамтиды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген аударымдар мен төлемдер аударым немесе төлем жүзеге асырылатын күнгі қолданыстағы нарықтық айырбастау бағамы бойынша еркін пайдаланылатын валютада негізсіз кідіріссіз және шектеулерсіз жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне нұқсан келтірместен, Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің заңнамасын әділ, кемсітусіз және адал қолдану арқылы төлемді немесе аударымды:

а) банкроттық, төлем қабілетсіздігі немесе кредиторлардың құқықтарын қорғау;

б) еңбек міндеттемелерін сақтау;

с) бағалы қағаздармен немесе деривативтермен (туынды қаржы құралдарымен) байланысты эмиссиялар, операциялар немесе мәмілелер;

д) құқық қорғау органдарына немесе қаржылық реттеу органдарына жәрдемдесу;

е) қылмыстық құқық бұзушылықтар;

ф) салықтар және өзге де міндеттемелер туралы заңнаманы сақтау;

г) сот, әкімшілік немесе төрелік процестердің ұйғарымдарына немесе шешімдеріне сәйкестікті қамтамасыз ету;

h) әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі міндеттемелерді сақтау мәселелеріне қатысты кешіктіруі немесе шектеуі мүмкін.

4. Тараптар осы баптың 3(d), 3(e), 3(g) тармақтары ақшаны жылыстатуды,

терроризмді қаржыландыруды және жаппай қырып-жою қаруын таратуды болғызбау үшін қаржылық шараларды әзірлеу тобының халықаралық стандарттарына сәйкес қабылданған шараларға қолданылуы мүмкін екенін түсінеді.

5. Осы Келісімнің ешбір ережесі Халықаралық валюта қоры туралы келісімнің баптарына сәйкес Халықаралық валюта қорының мүшесі болып табылатын Уағдаласушы Тарап мемлекетінің Халықаралық валюта қоры туралы келісімнің баптарына сәйкес келетін валюталық операцияларды пайдалануды қоса алғанда, құқықтары мен міндеттемелерін қозғамауға тиіс, бұл ретте Уағдаласушы Тарап осы Келісімнің "Төлем теңгерімін қорғауға арналған шектеулер" атты 8-бабында немесе Халықаралық валюта қорының өтініші бойынша айтылған жағдайларды қоспағанда, мұндай операцияларға қатысты осы Келісімге сәйкес өзіне тән нақты міндеттемелеріне сәйкес келмейтін капиталмен жасалатын қандай да бір операцияларға шектеулер белгілемеуі керек.

10-бап

Орталық банктердің иммунитеттері

Уағдаласушы Тараптар халықаралық шарттарға, конвенцияларға және (немесе) кез келген қолданылатын құқыққа сәйкес Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің орталық банктеріне және (немесе) орталық банктерге меншік құқығымен тиесілі және (немесе) өзге негізде, оның ішінде сенімгерлік басқаруда болатын кез келген мүлікке берілетін иммунитеттерді, артықшылықтарды және (немесе) ерекшеліктерді таниды, әрі осы Келісімнің ешбір ережесі мұндай иммунитеттерден, артықшылықтардан және ерекшеліктерден бас тарту, олардан ауытқу немесе оларды өзгеше түрде өзгерту ретінде түсіндіруге болмайды.

11-бап

Суброгация

1. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі өз инвесторларының инвестицияларын коммерциялық емес тәуекелдерден қорғау үшін мемлекеттік сақтандыру немесе кепілдік жүйесіне ие болса және егер осы Уағдаласушы Тараптың инвесторы осындай жүйеге қосылған болса, осы инвестор мен сақтандырушы арасындағы сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының кез келген суброгациясын екінші Уағдаласушы Тарап тануға тиіс.

2. Сақтандырушы суброгацияға байланысты осы инвестордың құқықтарын жүзеге асыруға және талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге құқылы және инвестицияға байланысты міндеттемелерді өзіне алады. Суброгацияланған құқықтар немесе талаптар инвестордың бастапқы құқықтарынан немесе талаптарынан аспауы керек.

3. Уағдаласушы Тарап пен сақтандырушы арасындағы даулар осы Келісімнің " Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу" атты 13-бабының ережелеріне сәйкес шешіледі.

12-бап

Үшінші Тараптың дауларды қаржыландыруы

1. "Үшінші Тараптың дауларды қаржыландыруы" дау тарапы болып табылмайтын, бірақ дау тараптарының бірімен іс жүргізуге байланысты шығыстарды ішінара немесе толық қаржыландыру мақсатында, оның ішінде қайырымдылық жасау, грант беру, кез келген сыйақы туралы келісімдер арқылы және/немесе даудың нәтижесіне байланысты сыйақыға айырбастау мақсатында дау тараптарының бірімен келісім жасасатын жеке немесе заңды тұлға ұсынатын кез келген қаржыландыруды білдіреді.

2. Үшінші тарап қаржыландырған жағдайда, одан пайда көретін дау тарапы бұл туралы осы Келісімнің "Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу" атты 13-бабына сәйкес құрылған даудың екінші тарапына және төрелік трибуналға үшінші тараптың қаржыландыруын ұсынатын кез келген жеке немесе заңды тұлғаның атын/атауын және мекенжайын, түпкілікті бенефициарлық меншік иесін және егер қолданылса, корпоративтік құрылымын жазбаша нысанда хабарлауға тиіс.

3. Мұндай хабарлама талап арыз берілген кезде осындай қаржыландыру туралы келісім не субсидия немесе дотация жасалғаннан кейін кідіріссіз жіберіледі.

4. Егер Төрелік трибунал іс жүргізудің кез келген кезеңінде мұны қажет деп тапса, қаржыландыру туралы келісімге және үшінші тараптың қаржыландыруын ұсынуға қатысты қосымша ақпаратты жария ету жөнінде өкім шығара алады.

13-бап

Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу

1. Осы бап осы Келісім бойынша бірінші Уағдаласушы Тараптың міндеттемесін болжалды бұзуға қатысты бір Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы инвесторға немесе оның инвестицияларына залал немесе шығын келтіретін дауларға қатысты қолданылады.

2. Инвестор өзінің инвестицияларына байланысты бір Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тарап инвесторы арасындағы дау туралы, оның ішінде егжей-тегжейлі ақпаратты қамти отырып, қабылдаушы Уағдаласушы Тарапты жазбаша нысанда хабардар етеді. Мүмкіндігінше, инвестор мен қабылдаушы Уағдаласушы Тарап дауды консультациялар мен келіссөздер арқылы ізгі ниетпен реттеуге ұмтылады.

3. Консультация өткізу туралы сұру салу инвестор Келісімнің болжалды бұзылғаны туралы алғаш білген немесе алғаш білуге тиіс болған күннен кейін үш (3) жыл ішінде берілуге тиіс. Егер талап қоюшы осы мерзім ішінде консультация өткізу туралы сұрау салмаса, ол талап қоюды беру құқығынан бас тартты және осы бапқа сәйкес төрелікке талап қоюды бере алмайды деп есептеледі.

4. Консультация өтізу туралы сұрау салу мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- а) талап қоюшының аты/атауы және мекенжайы;
- б) осы Келісімнің бұзылды деп мәлімделген ережесі(лері);

с) тиісті шараларды немесе нысанасын қоса алғанда, наразылықтың құқықтық және нақты негізі; және

д) сұралатын өтемақы және мәлімделген шығындардың немесе залалдың болжалды сомасы.

5. Осы баптың ережелеріне қарамастан, дауласушы тараптар медиация рәсімін қолдану жөнінде кез келген уақытта уағдаласа алады.

6. Медиацияға жүгіну осы Келісімге сәйкес дау тараптарының кез келгенінің заңды жағдайына немесе құқықтарына нұқсан келтірмейді және дау тараптары келіскен қағидалармен реттеледі.

7. Медиатор дау тараптарының келісуі бойынша тағайындалады. Дау тараптары медиаторды тағайындау туралы өтінішпен Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (ИДРХО) Бас хатшысына да жүгіне алады.

8. Дау тараптары медиатор тағайындалған кезден бастап 60 (алпыс) күн ішінде дауды шешуге қол жеткізу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

9. Дау тарапының медиацияны тоқтату туралы шешімі медиаторға және даудың екінші тарапына жазбаша нысанда жіберіледі.

10. Егер даулар осы баптың 2-тармағында көзделген жазбаша хабарламаны алған күннен бастап алты (6) ай ішінде келіссөздер арқылы реттелмесе, онда дау инвестордың таңдауы бойынша:

а) инвестиция жүзеге асырылған мемлекеттің аумағындағы Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына немесе

б) 1965 жылғы 18 наурыздағы Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің азаматтары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы конвенциямен құрылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа (ИДРХО) немесе

с) 2010 жылы енгізілген өзгерістерімен қоса, 1976 жылғы 15 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткен Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) Төрелік регламентіне сәйкес құрылған ad hoc арнаулы Төрелік трибуналына немесе

д) егер бұл дауласушы тараптар арасында келісілсе, Стамбул төрелік орталығына (ИСТАК) немесе

е) егер бұл дауласушы тараптар арасында келісілсе, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы " Конституциялық заңына сәйкес құрылған Астана халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) Халықаралық төрелік орталығына немесе

ф) егер дауласушы тараптар бұл туралы уағдаласса, кез келген басқа төрелік мекемеге немесе кез келген басқа төрелік регламентке қарауға ұсынылуы мүмкін.

11. Инвестор осы баптың 10-тармағында көрсетілген дауларды реттеу форумдарының біріне дауды бергеннен кейін осы форумдардың бірін таңдау түпкілікті таңдау болып саналады.

12. Инвестициялық даудың ИДРХО юрисдикциясына және төрелік трибуналдың құзыретіне жататыны туралы шешім қабылдау кезінде осы Келісімнің 10-тармағының b) тармақшасына сәйкес құрылған төрелік трибунал Түркия Республикасы 1989 жылғы 3 наурызда ИДРХО-ның ИДРХО юрисдикциясына беруге жарамды немесе жарамсыз деп есептелетін даулар сыныптарына қатысты Конвенциясының 25 (4) бабына сәйкес ИДРХО-ға ұсынған хабарламаны осы Келісімнің ажырамас бөлігі ретінде басшылыққа алуға тиіс.

13. Төрелік трибунал өз шешімдерін осы Келісімнің ережелеріне, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптарға қолданылатын халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларына сәйкес қабылдайды. Уағдаласушы Тараптар қабылдаушы Уағдаласушы Тарап құқығының талап қоюға қатысы болған жағдайларда, осы бапқа сәйкес құрылған төрелік трибунал аталған құқықты факт мәселесі ретінде қарастыратынын және бұл ретте осы Уағдаласушы Тараптың соттары немесе құзыретті органдары берген құқықтың тиісті ережесінің басым түсіндірмесіне сүйенетінін өзара түсінетінін растайды. Бұл ретте трибунал берген тиісті ішкі құқықтың кез келген түсіндірмесі осы Уағдаласушы Тараптың соттары немесе билік органдары үшін міндетті болып саналмайды.

14. Төрелік шешімдер түпкілікті және дау тараптарының барлығының орындауы үшін міндетті болып табылады. Әрбір Уағдаласушы Тарап төрелік шешімді өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес мойындайды және орындайды.

15. Егер инвестор бұзушылық туралы және осы бұзушылықтан туындайтын залал немесе шығындар туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш (3) жылдан астам уақыт өтсе, ешбір талап қою халықаралық төрелікке берілмейді.

16. Төрелік трибунал түпкілікті шешім шығарған кезде ақшалай шығын мен қолданылатын кез келген пайыздарды ғана бөлек немесе жиынтық түрде өндіріп беруді тағайындай алады.

Неғұрлым айқын болуы үшін төрелік трибунал айыппұл санкцияларын салмауға тиіс.

14-бап

Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды реттеу

1. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімді түсіндіру және қолдану мәселелері бойынша олардың арасындағы кез келген дауды адал ниет пен ынтымақтастық рухында жедел және әділ шешуге ұмтылады. Осыған байланысты, мұндай шешімге қол жеткізу үшін Уағдаласушы Тараптар тікелей және сындарлы келіссөздерге қатысуға келіседі.

2. Егер Уағдаласушы Тараптар жоғарыда көрсетілген рәсімнің көмегімен олардың арасындағы дау басталғаннан кейін 6 (алты) ай ішінде уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, кез келген Уағдаласушы Тараптың талабы бойынша дау үш мүшеден тұратын төрелік трибуналға ұсынылуы мүмкін.

3. Сұрау салуды алғаннан кейін 2 (екі) ай ішінде әрбір Уағдаласушы Тарап бір-бірден төреші тағайындайды. Осы екі төреші үшінші мемлекеттің азаматы болып табылатын үшінші төрешіні Төраға ретінде сайлайды. Егер Уағдаласушы Тараптардың кез келгені белгіленген мерзімде өз төрешісін тағайындай алмаса, екінші Уағдаласушы Тарап БҰҰ Халықаралық сотының төрағасына қажетті тағайындауды жүзеге асыруды ұсына алады.

4. Егер екі төреші өздері тағайындалғаннан кейін екі (2) ай ішінде Төрағаны тандауда уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, Төрағаны кез келген Уағдаласушы Тараптың сұрау салуы бойынша БҰҰ Халықаралық сотының төрағасы тағайындауға тиіс.

5. Егер осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларда БҰҰ Халықаралық сотының төрағасы көрсетілген функцияларды орындай алмаса немесе ол Уағдаласушы Тараптар кез келгенінің мемлекетінің азаматы болса, тағайындауды БҰҰ Халықаралық соты төрағасының орынбасары жүзеге асырады, ал егер БҰҰ Халықаралық соты төрағасының орынбасары аталған функцияларды орындай алмаса немесе ол Уағдаласушы Тараптар кез келгенінің мемлекетінің азаматы болса, тағайындауды Уағдаласушы Тараптар кез келгенінің мемлекетінің азаматы болып табылмайтын БҰҰ Халықаралық сотының одан кейінгі аға мүшесі жүзеге асырады.

6. Төрелік трибунал Төраға тағайындалған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде осы Келісімнің басқа ережелерімен келісілетін рәсім қағидалары туралы уағдаласады. Мұндай уағдаластық болмаған жағдайда, төрелік трибунал БҰҰ Халықаралық сотының төрағасынан халықаралық төрелік рәсімнің жалпыға бірдей танылған қағидаларын назарға ала отырып, рәсім қағидаларын белгілеуді сұрауға тиіс.

7. Егер өзгеше келісілмесе, барлық ұсынулар Төраға сайланған күннен бастап 8 (сегіз) ай ішінде орындалуға және барлық тыңдаулар аяқталуға тиіс, ал төрелік трибунал қайсысы кейінірек болатынына байланысты соңғы ұсынылған немесе тыңдау аяқталған күннен кейін 2 (екі) ай ішінде өз шешімін шығаруға тиіс. Төрелік трибунал өз шешімдерін көпшілік дауыспен қабылдайды, олар түпкілікті шешім болып саналады және орындалуға міндетті.

8. Төрелік трибунал шешімдерді осы Келісімнің негізінде және Уағдаласушы Тараптар арасында қолданылатын халықаралық құқыққа сәйкес қабылдайды.

9. Төраға, басқа төрешілер шеккен шығыстарды және төрелік талқылауға байланысты басқа да шығыстарды Уағдаласушы Тараптар тең дәрежеде жабады. Алайда төрелік трибунал өз қалауы бойынша шығыстардың неғұрлым жоғары үлесін Уағдаласушы Тараптардың біреуі көтеретінін айқындай алады.

10. Егер осы Келісімнің "Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу" атты 13-бабына сәйкес сол бір мәселе бойынша дау бұрын басқа халықаралық төрелік соттың қарауына шығарылған болса және осы уақытқа дейін соттың қарауында болса, дау осы баптың ережелеріне сәйкес

халықаралық төрелік соттың қарауына жіберілмейді. Бұл Уағдаласушы Тараптар арасындағы тікелей және сындарлы келіссөздер жүргізу туралы уағдаластықтарға кедергі келтірмейді.

15-бап

Артықшылықтарды беруден бас тарту

1. Уағдаласушы Тарап кез келген уақытта, оның ішінде осы Келісімнің "Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу" атты 13-бабына сәйкес төрелік талқылау қозғалғаннан кейін де, егер екінші Уағдаласушы Тараптың заңды тұлғасы өзі құрылған немесе ұйымдастырылған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында ұлттық заңнамаға сәйкес елеулі кәсіпкерлік қызметті жүргізбесе, осындай заңды тұлға болып табылатын осындай Уағдаласушы Тараптың инвесторына және Уағдаласушы Тарап болып табылмайтын инвесторларға немесе артықшылықтар беруден бас тартатын Уағдаласушы Тараптың инвесторлары иелік етсе немесе оны бақыласа, осындай инвесторларға және оның инвестицияларына осы Келісімнің артықшылықтарын беруден бас тарта алады.

2. Егер Уағдаласушы Тарап болып табылмайтын Уағдаласушы Тараптың жеке немесе заңды тұлғалары инвестицияларға иелік етсе немесе оларды бақылайтын болса, Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторына және бас тартушы Уағдаласушы Тарап:

а) Уағдаласушы Тарап болып табылмайтын елмен дипломатиялық қатынастарды қолдамаса; немесе

б) Уағдаласушы Тарап болып табылмайтын елге немесе Уағдаласушы Тарап болып табылмайтын елдің жеке немесе заңды тұлғасына қатысты, егер осы Келісімнің артықшылықтары инвесторға немесе оның инвестицияларына берілген болса, инвестициялармен операцияларға тыйым салатын немесе бұзылатын немесе айналып өтетін шараларды қабылдаса немесе күшінде сақтаса, осы инвестордың инвестицияларына осы Келісімнің артықшылықтарын беруден бас тарта алады.

3. Артықшылықтар беруден бас тартатын Уағдаласушы Тарап, мүмкіндігінше, артықшылықтар беруден бас тартқанға дейін екінші Уағдаласушы Тарапты хабардар етеді.

4. Осы баптың мақсаттары үшін заңды тұлға:

а) егер оның қатысу үлесінің елу (50) пайыздан астамы осындай тұлғаларға бенефициарлық түрде тиесілі болса, Уағдаласушы Тараптың немесе Уағдаласушы Тарап болып саналмайтын тараптың жеке немесе заңды тұлғаларына "тиесілі" заңды тұлға болып есептеледі;

б) егер осындай тұлғалар оның директорларының көпшілігін тағайындауға құқылы болса немесе өзгеше түрде оның әрекеттеріне заңдық тұрғыдан басшылық етсе, Уағдаласушы Тараптың немесе Уағдаласушы Тарап болып саналмайтын тараптың жеке немесе заңды тұлғалары "бақылайтын" заңды тұлға болып есептеледі.

16-бап

Құжаттарды табыстау

Осы Келісімнің "Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу" атты 13-бабына және "Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды реттеу" атты 14-бабына сәйкес даулар бойынша хабарламалар мен басқа да құжаттар Қазақстанға мына мекенжай бойынша жеткізілу арқылы табыс етіледі:

010000, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі 31,

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі немесе оның құқықтық мирасқоры.

Осы Келісімнің "Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу" атты 13-бабына және "Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды реттеу" атты 14-бабына сәйкес даулар бойынша хабарламалар және өзге де құжаттар Түркияға мына мекенжай бойынша жеткізілу арқылы табыс етіледі:

Cumhurbaşkanlığı Külliyesi

Cumhurbaşkanlığı İdari İşler Başkanlığı

Cumhurbaşkanlığı Hukuk ve Mevzuat Genel Müdürlüğü

(Президенттік кешен, Әкімшілік істер басқармасы, Президент жанындағы Бас заң басқармасы)

Президенттік кешен)

06560 Beştepe-Ankara

Türkiye

17-бап

Күшіне ену, қолданылу мерзімі және қолданылуын тоқтату

1. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен кейін отыз (30) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Келісім он (10) жыл мерзімге жасалады.

Егер Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы 10 жылдық кезең аяқталғанға дейін алты ай бұрын осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жібермеген болса, оның қолданылуы автоматты түрде белгіленбеген мерзімге ұзартылады.

3. Осы Келісім 1992 жылғы 1 мамырда Алма-Ата қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді алмастырады және оның орнына

қолданылады, ал аталған Келісім осы Келісім күшіне енген күннен бастап күшін жояды . Осы Келісім күшіне енген күннен кейін төрелік сотқа берілген даулар осы Келісімнің ережелеріне сәйкес шешіледі.

4. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін. Өзгерістер осы баптың 2-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

5. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған күнге дейін жүзеге асырылған инвестицияларға немесе инвестициялар бойынша міндеттемелерге қатысты және осы Келісім қолданылатын жағдайларда осы Келісімнің барлық басқа баптарының ережелері осындай тоқтатудан кейін он (10) жыл бойы қолданылатын болады.

Осыны куәландыру үшін олардың тиісті үкіметтері уәкілеттік берген төменде қол қоюшы өкілдер осы Келісімге қол қойды.

_____ қаласында "___" _____ қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндер тең дәрежеде түпнұсқалы болып саналады.

Мәтіндер арасында алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Түркия Республикасының Үкіметі
үшін*